

Ауған менің жадымда...

Ауғанстандағы соғыс - еліміздің тарихының бір парағы. Бұл - біздің арамызда өмір сүрген, өмір сүріп жүрген ауған ардагерлерінің тағдыры. Біз бұны ешқашан ұмытпауға тиіспіз.

Кешті аудандық орталық кітапхананың меңгерушісі Ажмағанбетова Гүлмира Сағитқызы құттықтау сөзімен ашты.

Кітапхана қызметкерлері Ауғанстандағы соғыс жайында қысқаша мәлімет беріп,



Осы орайда аудандық орталық кітапхана 2021 жылдың 11 ақпаны күні Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылуына 32 жыл толуына арналған онлайн-кездесу кешін өткізді. Мақсаты - ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарды еске алу және жастарға патриоттық тәрбие беру.

Онлайн кездесуге Ауған соғысының ардагерлері: Шахтер ауылынан Болат Хамитұлы Үзденбеков, Кертінді ауылынан Мұхамеджанов Еркін Әлімжанұлы, К.Мыңбаев ауылынан Белиспаев Мейрам Жаңбыршыұлы, Изенді ауылынан Әлібеков Нұржігіт Нағидоллаұлы, Берлибеков Жәнібек Мерекеұлы, Егінді ауылынан Шестернин Василий Александрович, Юрченко Михаил Петрович, Жараспай ауылынан Сатыбалдин Жұмағұл Манатович, Қаражігітов Құдайберген Дәулетбекұлы, Көбетей ауылынан Төлеубаев Мадияр Бұғыбайұлы және ауыл әкімдері, мектеп директорлары, әкімшілік, мәдениет үйі қызметкерлері, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Ауған жолдарымен өткен жерлестеріміздің фотосуреттерінен құрастырылған слайд презентация арқылы олардың өмірбаянымен таныстырды.

Жерлес ардагерлеріміз Ауғанстандағы әскери қызметті туралы естеліктермен бөлісіп, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Кездесу соңында жерлесіміз, ауған соғысының ардагері Белиспаев Мейрам Жаңбыршыұлының 1988 жылы әскери борышын атқарып жүрген бөлімшеде түсірілген «МСП Герат» видеосынан үзінді көрсетілді.

Ал ардагерлер мен кездесуге қатысушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, айтулы мерекемен құттықтады.

Бүгінгі күні интернационал-жауынгерлердің есімдері болашақ ұрпақтардың жадында сақталуы тиіс. Олар - қашан да, қай кезде де мадақ пен марапатқа лайық жандар.

Құрметті ардагерлер, мерекелеріңіз құтты болсын!

С.А. Мұстафина
Аудандық орталық кітапхана